

Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру,
беру, мониторингтеу және олардың
тиімділігін бағалау қағидаларына
7-қосымша

Нысан

Кімге: «Азаматтық бастамаларды қолдау
орталығы» коммерциялық емес акционерлік
қоғамына

Кімнен: «ORKEN2018» жеке меншік мекемесі
(өтініш берушінің толықатауын көрсету)

Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім

1. Өтініш беруші				
1. БСН	180140040893			
2. Ұйымның тіркелген күні	31.01.2018ж.			
3. Ұйымның толық атауы	«ORKEN2018» жеке меншік мекемесі			
4. Ұйымның заңды мекенжайы	Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Кеншілер даңғылы, 248-кеңсе			
5. Ұйымның басшысы	Тегі Даримбаева	Аты Қуралай	Әкесінің аты (болған жағдайда) Зекенқызы	Лауазымы Директор
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері	Білім беру, мәдениет, ішкі саясат, тілдерді дамыту, жастар саясаты ұйымдарына қызмет көрсету, сондай-ақ қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге, ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға, халық бірлігін сақтауға, жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдауға, тілдерді, мәдениет пен өнерді дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу			
7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі, нысаналы топтар	Қарағанды облысы аумағында жұмыс тәжірибесі - 7 жыл, қызмет көрсетілген нысаналы топтар - үштілді жастар, мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдері мен балабақша бүлдіршіндері, қазақ тілін оқытатын оқытушылар, жас ақындар, мемлекеттік қызметшілер, шағын және орта бизнес өкілдері, этномәдени бірлестіктер, студент жастар, облыс аумағының тұрғындары және т.б.			
8. Ұйымның байланыс телефоны	8-701-170-33-76			
9. Электронды қпошта мекен-жайы	til-qazyna@mail.ru			

10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты	-							
11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)	Инстаграмм және Тік-Ток @orken_2018							
12. Іске асырылған негізгі жобалармен бағдарламалар * Ескерту! * Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.	№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші	Орындау кезеңі		Негізгі нәтижелері	
						Басталуы	Аяқталуы	
	1.	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Қазақстан халқы тілдері күнін мерекелеуге арналған фестивальді дайындау және өткізу	1 180 000	«Қарағанды қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ	2018 ж. наурыз	2018ж. қыркүйек	Қарағанды қаласында этномәдени бірлестік өкілдері мен мемлекеттік тілді жетік меңгерген жастар арасында Қазақстан халқы тілдері күніне арналған фестиваль өткізілді	
	2	Қасым Аманжолов атындағы «Дүниеге келер әлі талай Қасым...» атты дәстүрлі республикалық жыр байқауын өткізуді ұйымдастыру	5 350 000	«Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ	2019ж. наурыз	2019ж. қазан	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қарағанды қаласында ақын Қасым Аманжоловтың шығармашылығына арналған «Дүниеге келер әлі талай Қасым» атты республикалық ақындар байқауы өткізілді. Бақ сынау үшін Қазақстанның түпкір-түпкірінен үміткерлер Қасым Аманжоловқа, Әбіш Кекілбаевқа арнаулар және еркін тақырыптағы туынды секілді үш тақырыпта өлеңдерін көрермендер назарына ұсынды. Байқау қорытындысы бойын	
3	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру» әлеуметтік жобасын іске асыру бойынша	6 100 000	Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы «Ресурстық тіл орталығы» КММ	2020ж. ақпан	2020ж. желтоқсан	2020 жылы алғаш рет Қарағанды қаласында «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру» атты әлеуметтік жобасы іске асырылды. Жоба аясында жұмыс тобы құрылды, еріктілермен бірге жүргізілген		

	қызметі					түсіндіру жұмыстарына облыс орталығындағы 3000-ға жуық нысан қамтылып, 600-ден астам бизнес субъектілеріне жарнама мәтіндерін тегін аудару бойынша көмек көрсетілді.
4	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында латын графикасына негізделген қазақ тілі емлесінің ережелерін үйрету бойынша «Үздік әдістеме» байқауын өткізу және ұйымдастыру қызметі	1 537 000	Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы «Ресурстық тіл орталығы» КММ	2021ж. тамыз	2021ж. қараша	Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай латын графикасына негізделген қазақ жазуының емле ережелерін үйретудің үздік әдістемесін анықтау мақсатында Ахмет Байтұрсынұов атындағы «Үздік әдістеме» атты облыстық байқауы өткізілді. Байқауға Қарағанды, Балқаш, Саран, Жезқазған қалаларынан және Осакаров ауданынан келген оқытушылар мен мұғалімдер қатысты.
5	«Тіл – қазына» әлеуметтік жобасы	16 000 000	«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ	2022ж. шілде	2022ж. қараша	Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, қолдану аясын кеңейтуге бағытталған «Тіл – қазына» әлеуметтік жобасы Қарағанды облысы аумағында іске асырылды. Жоба аясында 11 өңірде тіл туралы заңнама нормаларын түсіндіру мақсатында көшпелі семинар-тренинг өткізілді. Көшпелі семинар-тренингке 11 өңір бойынша барлығы 2136 адам қатысты. Сондай-ақ Жоба аясында әлеуметтік желіде мемлекеттік тілде тәрбие алып жатқан әрі білім алып жатқан өзге ұлт балаларының қатысуымен «Қазақшаң қалай, балақай?»

						<p>атты бейнероликтер түсірілді. Бейнероликтерге 10 өзге ұлт балалары қатысты. Осы бейнероликтер әлеуметтік желілерде, сондай-ақ жергілікті «5 канал» телеарнасында көрсетілді. Бұдан басқа қазақтілді онлайн-контентті жасаушылар қатарын арттыру мақсатында кемінде 2000 және 10000-нан кем емес белсенді аудиториясы бар қарағандылық және елімізге танымал блогерлер тарапынан вайндар/қысқа бейнероликтер әлеуметтік желіде, атап айтсақ Instagram және Tik-Tok-та жарияланды. Отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ұлтымыздың тілі мен ділін өскелең ұрпаққа, өзге ұлт өкілдеріне кең ауқымда насихаттау, өткен мен бүгінді ұштастырып, асыл мұрамыз болып сақталған ұлт қазынасын ұлықтау мақсатында ү.ж. 26 қазанда «Үлгілі отбасы» байқауы өткізілді. Байқауға Қарағанды облысы аумағындағы қала және аудан тұрғындары арасында толық отбасы мүшелерінен (ата-ана, ата-әже, балалар мен немерелер) құралған 11 отбасы қатысты.</p>
6	«Тіл – қазына» әлеуметтік жобасы («Мемлекеттік тілді дамыту» басым бағыттар тізбесіне	16 000 000	«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ	2023ж. тамыз	2023ж. қазан	Отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ұлтымыздың тілі мен ділін өскелең ұрпаққа, өзге ұлт өкілдеріне кең ауқымда насихаттау, өткен

	сәйкес)					мен бүгінді ұштастырып, асыл мұрамыз болып сақталған ұлт қазынасын ұлықтау мақсатында ү.ж. 18 қазанда «Үлгілі отбасы» байқауы өткізілді. Байқауға Қарағанды облысы аумағындағы қала және аудан тұрғындары арасында толық отбасы мүшелерінен (ата-ана, ата-әже, балалар мен немерелер) құралған 10 отбасы қатысты.
7	«Көкпар Ұлттық спорт түрлерін дамыту және танымал ету» жобасы	4 037 404	«Теміртау қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ	2024ж. наурыз	2024ж. тамыз	Салауатты өмір салтын насихаттау, ұлттық спорт түрлерін дамыту және дәріптеу, қала азаматтары арасында көкпарды дәріптеу, біздің қала тұрғындарын патриоттық тәрбие негізінде көкпар сабақтарына тарту, спортшының моральдық және физикалық қасиеттерін арттыру, бәсекелестік тәжірибе жинақтау мақсатында Теміртау қаласы аумағында «Көкпар Ұлттық спорт түрлерін дамыту және танымал ету» жобасы іске асырылуда.

2. Әлеуметтік жобаның командасы

1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы

Даримбаева Куралай Зекенқызы, жоба жетекшісі, жалпы жұмыс өтілі – 20 жылдан артық

2. Жұмыс тәжірибесі

Ұйым атауы: «ORKEN2018» ЖММ-нің директоры, жоба жетекшісі
Басталған жылы: 2023 жылғы 27 желтоқсан
Бітірген жылы: осы уақытқа дейін

3. Қосымша мәліметтер

К.З. Даримбаева жоба жетекшісі ретінде Азаматтық құқықтық шарт негізінде жұмысқа тартылатын команда мүшелерінің міндетін

		бөлу, нысаналы индикаторларға қол жеткізу үшін ортақ жұмысты үйлестіру, әлеуметтік жобаны іске асыру аясында атқарылатын іс-шаралардың сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету, команда мүшелері тарапынан дайындалатын құжаттар мен есептерді қарастыру, Жобаны іске асыру бойынша атқарылған жұмыстардың есебін уақытылы тапсырылуын қамтамасыз ету, әлеуметтік жоба серіктестерімен өзара байланысты жүзеге асыру, Жобаға ақпараттық қолдау көрсету мақсатында жергілікті БАҚ өкілдерімен жұмысты үйлестіру, өткізілген іс-шаралардың әлеуметтік желіде жариялануын қамтамасыз ету, Жобаны іске асыру аясында туындайтын техникалық және ұйымдастыру мәселелерді шешу, аралық есептердің уақытылы тапсырылуын қамтамасыз ету және т.б. жұмыстарды жүргізеді.
4. Әлеуметтік бейіндерге сілтеме:	желілердегі	Инстаграм @orken_2018, @darimbaevakuralai
1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы		
Демьяненко Оксана Александровна, жоба бухгалтері, жалпы жұмыс өтілі – 15 жылдан артық		
2. Жұмыс тәжірибесі		Ұйым атауы: «ORKEN2018» ЖММ, жоба бухгалтері Басталған жылы: 2022 жылдан бастап Бітірген жылы: осы уақытқа дейін
3. Қосымша мәліметтер		О.А. Демьяненко 2022 және 2023 жылдары Азаматтық құқықтық шарт (бұдан әрі - АҚШ) негізінде мемлекеттік грант негізінде іске асырылған «Тіл-қазына» әлеуметтік жобасында жоба бухгалтері міндетін атқарды. Жобаны іске асыру аясында заңды тұлғалармен қызмет көрсету бойынша шарттар жасады, жеке тұлғалармен жасалған АҚШ әзірледі. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізді. Төлемақылардың уақытылы жіберілуін қамтамасыз етті. Қаржылық есептілікті тапсырды. Мемлекеттік грант негізінде бөлінген қаражаттың жұмсалыуы жөнінде аралық және қорытынды есепті дайындады. Өз ісіне адал әрі тиянақты. Биыл да АҚШ негізінде жұмысқа тарту көзделеді.
4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме:		Жоқ
1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы		
Серикова Алмагуль Хамитовна, жоба менеджері, жалпы жұмыс өтілі – 15 жылдан артық		
2. Жұмыс тәжірибесі		Ұйым атауы: «ORKEN2018» ЖММ, жоба менеджері (Азаматтық құқықтық шарт негізінде) Басталған жылы: 2023 жылдан бастап Бітірген жылы: осы уақытқа дейін
3. Қосымша мәліметтер		А.Х. Серикова 2023 жылы мемлекеттік грант негізінде іске асырылған «Тіл-қазына» әлеуметтік жобасында жоба менеджері (іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі маман) қызметін атқарды. Жоба аясында жергілікті атқарушы органдармен және серіктестермен өзара байланысты жүзеге асырды, облыстық деңгейде өткізілген «Үлгілі отбасы» байқауы мен «Бүлдіршінге жыр арна» байқауын жоғары деңгейде ұйымдастырды. БАҚ-да байқаулардың өтетіндігі және өткендігі туралы хабарлама жобасын дайындады, байқауларға келіп түскен өтінімдерді жинақтады, қазылар алқасының отырысын ұйымдастырды және т.б.

4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме:	Жоқ
1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы	
Көкенай Асем Ериковна, БАҚ-пен жұмыс жүргізу жөніндегі менеджер, жалпы жұмыс өтілі – 2 жыл	
2. Жұмыс тәжірибесі	Ұйым атауы: «ORKEN2018» ЖММ, БАҚ-пен жұмыс жүргізу жөніндегі менеджер (Азаматтық құқықтық шарт негізінде) Басталған жылы: 2024 жылдан бастап Бітірген жылы:
3. Қосымша мәліметтер	А.Е. Көкенайды 2024 жылы мемлекеттік грант негізінде іске асырылатын «Тіл-қазына» әлеуметтік жобасында БАҚ-пен жұмыс жүргізу жөніндегі менеджер ретінде тарту көзделеді. Жас болса да еңбекқор, жауапкершілігі мол екендігін «Тілдарын» облыстық байқауын ұйымдастыру кезіндегі волонтерлік қызметінде көрсетті.
4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме:	Жоқ
2. Жоба туралы	
1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады)	Мемлекеттік тілді дамыту
2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы	«Тіл -қазына» әлеуметтік жобасы
3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т.б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс)	Отан – отбасынан басталады. Тәуелсіз еліміздің босағасын берік, шаңырағын биіктете түсуде бір-бір уық боп бекіп жатқан жас отбасылардың ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, ата-дәстүр, салт-сананы ұрпақ бойына сіңірудегі еңбектері мен ізденістерін, жетістіктерін жалпақ жұртқа жария ету жолында тәлім аларлық іс-шаралар қатарын көбейту керек. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Берекелі әрі бақытты отбасы – қуатты елдің тірегі» деп отбасы институтының маңыздылығын атап өткен болатын. Расында да отбасы – адамзат баласының дүниеге шыр етіп келгенде есігін айқара ашып енетін ортасы, өсіп, тәрбие алатын қасиетті алтын бесігі. Халқымыздың бойындағы асыл қасиеттер ұрпақтан ұрпаққа отбасылық дәстүр арқылы беріледі. Отанды сүю, оған қамқорлық көрсету – отбасында қалыптасады. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Қарағанды облысы бірлігі бекем, татулық пен достықты ту еткен отбасыларымен ерекше мақтанады. Осыған лайық өнегелі отбасылар еліміздің өркендеуі мен қоғам дамуына өз үлестерін қосып келеді. 2022 жылы «Тіл-қазына» әлеуметтік жобасы аясында өткізілген «Үлгілі отбасы» облыстық байқауына облыстың аудан-қалаларынан 11 отбасы қатысса, 2023 жылы 10 отбасы қатысты. Тағылымы мен тәлімі мол «Үлгілі отбасы» облыстық байқауына қатысушылар үш кезең бойынша бақ сынасты. Әр қатысушы отбасына ақшалай сыйақы тағайындалды.

4. Әлеуметтік жобаның мақсаты	- ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптарды, тіл мен әдебиетті дәріптеу; - мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ тіліне, туған жеріне деген құрметін ояту, мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылығын арттыру, шығармашылық және зияткерлік әлеуетті дамыту.
5. Әлеуметтік жобаның міндеттері	- мәдени және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрді насихаттау әрі жаңғырту арқылы өскелең ұрпақ арасында елге, жерге, тілге деген сүйіспеншілігін арттыру; - өзге ұлт өкілдері балаларының қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын ояту, бүлдіршіндер арасындағы талантты, өнерлі балаларды анықтап, мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие беретін мекемелердің мемлекеттік тілді үйрету деңгейін анықтау
6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межелеген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады).	1) Жоба мақсатына сәйкес «Үлгілі отбасы» облыстық байқауына облыс аумағындағы қала және аудан тұрғындары қатысады. Байқау ережесі әзірленіп, әлеуметтік желілерде және облыстық газет беттерінде хабарландыру жарияланады. Байқаудың қорытынды кезеңін салтанатты түрде өткізу үшін кәсіби мамандар (режиссер, оператор, сценарист, имидждік топ, жүргізуші, музыкалық нөмірді орындаушылар және т.б.) тартылады, қазылар алқасының құрамы бекітіледі, қатысушылар дипломдармен, алғыс хаттармен, ақшалай сыйлықтармен және арнайы сертификаттармен марапатталады. Байқаудың қорытынды кезеңі фото және түсіріліммен қамтамасыз етіледі. Байқаудың өткендігі туралы мақалалар мен сюжеттер жергілікті БАҚ-та (газет, телеарналарда), әлеуметтік желілерде жарияланады. 2) «Бала тілі – бал» тақырыбында 25 қазан - Республика күніне орай балабақша ұйымдарының қатысуымен фестиваль өткізіледі. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан 4 жастан 6 жасқа дейінгі өзге ұлт бүлдіршіндері қатысады. Фестиваль тұжырымдамасы әзірленіп, әлеуметтік желілерде Фестиваль афишасы жарияланады. Қарағанды қаласының білім бөлімімен бірлесе отырып, қорытынды кезеңге 10 шығармашылық ұжым іріктеуден өтеді. Іріктеуден өткен шығармашылық ұжымдардың қатысуымен қорытынды кеш салтанатты түрде өтеді. Салтанатты кешті өткізу үшін кәсіби мамандар (режиссер, фотооператор, сценарист, имидждік топ, жүргізуші, музыкалық нөмірді орындаушылар және т.б.) тартылады, қазылар алқасының құрамы бекітіледі. Әр шығармашылық ұжымға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталады. Фестивальдің қорытынды кезеңі фото және түсіріліммен қамтамасыз етіледі. Фестивальдің өткендігі туралы мақалалар мен сюжеттер жергілікті БАҚ-та (газет, телеарналарда), әлеуметтік желілерде жарияланады.
7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы	Қарағанды облысы
8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні	2024 жылғы 1 қыркүйек
9. Әлеуметтік жобаны іске асырудың аяқталу күні	2024 жылғы 30 қараша
10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары	Қарағанды облысы аумағындағы қала және аудан тұрғындары, толық отбасы мүшелері (ата-ана, ата-әже, балалар мен немерелер), мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар, балабақша ұжымдары, қазақ топтарына баратын өзге ұлт өкілдерінің бүлдіршіндері, БАҚ өкілдері, тіл жанашырлары
11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері	1) Ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптарды, тіл мен әдебиетті дәріптеу мақсатында кемінде 7 отбасының қатысуымен Қарағанды облыстық «Үлгілі отбасы» конкурсын өткізу 2) Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ тіліне, туған жеріне деген құрметін ояту, мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылығын арттыру, басқа ұлт өкілдерінің балаларын тарта отырып, шығармашылық және зияткерлік әлеуетті дамыту мақсатында Қарағанды облысында «Бала тілі – бал» тақырыбында фестиваль өткізу
Сандық нәтижелері	1) «Үлгілі отбасы» отбасылық байқауына облыс аумағындағы қала және аудан тұрғындары арасында толық отбасы мүшелерінен (ата-

	<p>ана, ата-әже, балалары мен немерелері) құралған қатысушы команда мүшелерін, көрермендерді қоса есептегенде 250 адамның қатысуы қамтамасыз етіледі. Қазылар алқасының құрамы 5 адамнан тұрады. Кем дегенде 2 музыкалық нөмір орындалады. Байқаудың жүргізушісі бекітіледі. Байқау жүлдегерлерін марапаттау салтанатына имидждік топ шақырылады.</p> <p>Байқаудың жүлде қоры: 2 800 000 (екі миллион сегіз жүз мың) теңге</p> <p>Бас жүлде - 1 000 000 тг; I-орын - 700 000 тг; II-орын - 500 000 тг; III-орын - 300 000 тг; 3 ынталандыру жүлдесі - 100 000 тг.</p> <p>2) «Бала тілі – бал» тақырыбында өтетін фестивальге 10 шығармашылық ұжым мүшелері мен көрермендерді қоса есептегенде 250 адам қамтылады. Қазылар алқасының құрамы кем дегенде 5 адамнан тұрады. Фестивальдің салтанатты кешінде 2 музыкалық нөмір орындалады. Фестивальдің жүргізушісі бекітіледі. Фестивальге қатысушы ұжымдарға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтарды табыстау үшін имидждік топ шақырылады. Фестивальдің жүлде қоры: 1 000 000 (бір миллион) теңге.</p>				
Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері	<p>1) «Үлгілі отбасы» облыстық байқауының ережесіне сәйкес аудан, қалалардан келіп түскен өтінімдерді іріктеу үшін қазылар алқасы ZOOM-да онлайн форматта іріктеу жүргізеді. Қорытынды кезеңге жолдама алған 7 отбасын анықтайды, қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді. Қорытынды кезеңде 7 отбасы өз өнерлерін ортаға салады. Байқаудың өтетіндігі туралы баспасөз мәлімдемесі әзірленіп, БАҚ өкілдері шақырылады. Әлеуметтік желілерде 25 пост жарияланады, баспа БАҚ-та кем дегенде 3 мақала жарияланады.</p> <p>2) «Бала тілі – бал» фестивалінің тұжырымдамасына сәйкес Қарағанды қаласында орналасқан балабақшалардан келіп түскен өтінімдерді іріктеу үшін қазылар алқасы әр шығармашылық ұжымның қойылымдарын бағалай отырып, 10 шығармашылық ұжымды іріктеп алады. Өзге ұлт бүлдіршіндерінен құралған шығармашылық ұжым салтанатты кеште өз өнерлерін көрсететін болады. Кеш соңында қазылар алқасы құттықтау сөз сөйлеп, 10 шығармашылық ұжым жетекшілерін ортаға шақырып, алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыстайды.</p>				
12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*	Серіктестер	Қолдау түрі			
*Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады	1) «5 канал» телеарнасы 2) «Новый Вестник» газеті	1) Жоба аясында іске асырылатын іс-шаралар туралы сюжеттер шығару; 2) Жоба аясында іске асырылатын іс-шараларды баспа газет бетінде және интернет порталда жариялап, ақпараттық қолдау көрсетуге атсалысу.			
13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады	Әлеуметтік жоба аясында өткізілетін іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау көзделеді, оның ішінде жергілікті телеарналарда 2 сюжет шығады, сондай-ақ облыстық және өңірлік газет беттерінде кемінде 5 мақала жарияланады , әлеуметтік желілерде (Instagram, Tik-Tok және Facebook) кемінде 30 пост/рилс жариялау көзделеді.				
4. Күнтізбелік жоспар					
№ р\с	Шешілетін міндет*	Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны	Басталу күні	Аяқталу күні	Күтілетін нәтижелер

1	Мәдени және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрді насихаттау әрі жаңғырту арқылы өскелең ұрпақ арасында елге, жерге, тілге деген сүйіспеншілігі н арттыру	«Үлгілі отбасы» отбасылық байқауын өткізу, Қарағанды қаласы	2023 жылғы 01 қыркүйек	2023 жылғы 30 қараша	Облыстық деңгейде «Үлгілі отбасы» байқауын өткізу арқылы отбасында мәдени және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақ халқының салт-дәстүрлерін насихаттау әрі жаңғырту арқылы өскелең ұрпақ арасында еліне, жеріне, тіліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру көзделеді. Байқауға облыс аумағындағы қала және аудандардан келген толық отбасы мүшелерінен (ата-ана, ата-әже, балалары мен немерелері) құралған 7 команда қатысады. Қазылар алқасының шешімі бойынша жүлделі орынға ие болған командалар дипломдармен, алғыс хаттармен, ақшалай сыйлықпен және арнайы сертификатпен марапатталады. Бұқаралық ақпарат құралдарында кемінде 2 мақала, әлеуметтік желіде 15 пост жарияланады, әлеуметтік желідегі парақшаларда байқаудың өтетіндігі туралы афиша орналастырылады, жергілікті телеарналарда кемінде 2 сюжет шығарылады.
2	Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ тіліне, туған жеріне деген құрметін ояту, мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылығын арттыру, шығармашылық және зияткерлік әлеуетті дамыту	«Бала тілі – бал» тақырыбында фестиваль өткізу, Қарағанды қаласы			Қарағандыда «Бала тілі – бал» тақырыбында фестиваль өткізу арқылы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың қазақ тіліне, туған жеріне деген құрметі артады, мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылықтары артады, шығармашылық және зияткерлік әлеуеттерінің дамуына ықпалы тиеді. Фестивальдің салтанатты кешіне қазылар алқасының шешімімен іріктеуден өткен 10 шығармашылық ұжым қатысады. Фестивальге қатысушылар алғыс хаттармен, естелік сыйлықпен марапатталады. Бұқаралық ақпарат құралдарында кемінде 3 мақала, әлеуметтік желіде 15 пост жарияланады, жергілікті телеарналарда кемінде 2 сюжет шығарылады.

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

№	Шығыстардың баптары	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңге	Барлығы, теңге	Қаржыландыру көздері		Негіздеме/түсініктеме
						Өтініш беруші (жеке салым)	Грант қаражаты	
	Тікелей шығыстар						7 000 000,00	
	Азаматтық құқықтық шарттар негізінде тартылатын мамандар, оның ішінде:						2 040 000,00	

Жоба жетекшісінің қызметіне ақы төлеу (1 адам * 3 ай * 210 000,00 тг, салықтық және әлеуметтік төлемдерді қоса есептегенде)	ай	3	210 000	630 000,00	0	630 000,00	
Жоба бухгалтерінің қызметіне ақы төлеу (1 адам * 3 ай * 130 000,00 тг, салықтық және әлеуметтік төлемдерді қоса есептегенде)	ай	3	130 000	390 000,00	0	390 000,00	
Жоба аясында тартылатын мамандардың қызметіне ақы төлеу (2 адам * 3 ай * 170 000,00 тг салықтық және әлеуметтік төлемдерді қоса есептегенде)	ай	3	340 000	1 020 000,00	0	1 020 000,00	
«Үлгілі отбасы» отбасылық байқауын өткізу бойынша шығын сомасы, оның ішінде:						3 625 000,00	
<i>Ұйымдастыру шаралары, оның ішінде:</i>						<i>710 000,00</i>	
Сахнаны жасанды гүлмен безендіру қызметі	қызмет	1	50 000	50 000,00	0	50 000,00	
Имидждік топ қызметі (кем дегенде ұлттық киімдегі 2 қыз бала)	қызмет	1	40 000	40 000,00	0	40 000,00	
Музыкалық нөмірлерді ұсыну қызметі (кемінде 2 музыкалық нөмір)	қызмет	1	100 000	100 000,00	0	100 000,00	
Байқаудың ережесі мен сценарийін әзірлеуші маманның қызмет ақысын төлеу	қызмет	1	50 000	50 000,00	0	50 000,00	
БАҚ-та (баспа) байқау байқаудың өтетіндігі туралы хабарландыру жариялау	қызмет	1	40 000	40 000,00	0	40 000,00	
Әділ қазылар алқасы мүшесінің қызмет ақысын төлеу	қызмет	5	50 000	250 000,00	0	250 000,00	
1 жүргізушінің қызмет ақысын төлеу	қызмет	1	50 000	50 000,00	0	50 000,00	

Режиссердің қызмет ақысын төлеу	қызмет	1	100 000	100 000,00	0	100 000,00	
Фотооператордың қызмет ақысын төлеу	қызмет	1	30 000	30 000,00	0	30 000,00	
Өзге де қызметтер, оның ішінде:						115 000,00	
Байқауға қатысушылар мен жүлдегерлерге дипломдар мен алғыс хаттарды әзірлеу (дизайн, А4 форматтағы рамкада басып шығару 7 дана*2 000,00 тг)	қызмет	1	14 000	14 000,00	0	14 000,00	
Ақшалай сыйлық қоры көрсетілген сертификаттарды әзірлеу (дизайн, басып шығару, өлшемі 86*54 см, 7 дана*11 000,00 тг)	қызмет	1	77 000	77 000,00	0	77 000,00	
А4 форматты офистік қағаз	тауар	3	2 000	6 000,00	0	6 000,00	
0,5 л. суды сатып алу	тауар	72	250	18 000,00	0	18 000,00	
Жүлде қоры						2 800 000,00	
Бас жүлде (салығын қоса алғанда)		1	1 000 000,00	1 000 000,00	0	1 000 000,00	
I орын (салығын қоса алғанда)		1	700 000	700 000,00	0	700 000,00	
II орын (салығын қоса алғанда)		1	500 000	500 000,00	0	500 000,00	
III орын (салығын қоса алғанда)		1	300 000	300 000,00	0	300 000,00	
Ынталандыру сыйлығы (салығын қоса алғанда)		3	100 000	100 000,00	0	300 000,00	
«Бала тілі - бал» фестивалін өткізу бойынша шығын сомасы, оның ішінде:						1 335 000,00	
Ұйымдастыру шаралары:						490 000,00	
Имидждік топ қызметі (кем дегенде ұлттық киімдегі 2 қыз бала)	қызмет	1	40 000	40 000,00	0	40 000,00	

Музыкалық нөмірлерді ұсыну қызметі (кемінде 2 музыкалық нөмір)	қызмет	1	100 000	100 000,00	0	100 000,00	
Фестивальдің тұжырымдамасы мен сценарийін әзірлеуші маманның қызмет ақысын төлеу	қызмет	1	50 000	50 000,00	0	50 000,00	
Әділ қазылар алқасы мүшесінің қызмет ақысын төлеу	қызмет	5	50 000	250 000,00	0	250 000,00	
1 жүргізушінің қызмет ақысын төлеу	қызмет	1	50 000	50 000,00	0	50 000,00	
Полиграфиялық өнімдер:						20 000,00	
Байқауға қатысушылар мен жүлдегерлерге дипломдар мен алғыс хаттарды әзірлеу (дизайн, А4 форматтағы рамкада басып шығару 10 дана*2 000,00 тг)	қызмет	1	20 000	20 000,00	0	20 000,00	
Өзге де қызметтер:						25 000,00	
0,5 л. суды сатып алу	тауар	100	250	25 000,00	0	25 000,00	
Жүлде қоры:						800 000,00	
Фестивалға қатысушы ұжымдарға естелік сыйлықтар сатып алу қызметі (10 шығармашылық ұжым * 80 000,00 тг)	қызмет	1	800 000	800 000,00	0	800 000,00	

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқамерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10%-нан аспайды.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатыпалу түсініледі.

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;

– осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;

- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтінім мен конкурскә ұсынылғані с-шаралар жобасында болмауын;
- осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
- осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен жасайтын берешекті қоспағанда);
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

«ORKEN2018» директоры

К. Даримбаева

2024 жылғы "15" сәуір

(ұйым басшысының лауазымы) (колы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні)

